



### 2.3-сурет. Теңіздегі мұнайгаз қондырғылардың жіктелуі

Берілген ТМГҚ-лар жүйесі өз кезегінде жобалау және басқару мақсатындағы автоматтандырылған жүйені құруға мүмкіндік береді.

Теңіз мұнайгаз кен орындары (ТМК) сияқты теңіз құрылымдарыда өздерінің өмірлік циклына ие, оларды шартты келесідей негізгі кезендерге бөлуге болады: жобалау (D), құрылыс (C) және пайдалану (E). Бір қатар жағдайларда теңіз мұнай газ кен орындарын меңгеру барысында экологиялық аспектіні күшейту мақсатында кен орынды утилизациялау уақытын бөліп көрсетуге болады және ол үшін арнайы құрылым мен бөлек кезең (U) берген дұрыс.

40 жылдардың аяғы мен 50 жылдардың басында Каспий теңізі мен Мексика шығанағындағы теңіз мұнай кеніштерін игеру жұмыстары басталды, бұл өз кезегінде теңіз мұнай өндірісінің құрылуымен аяқталды. Теңіз эстакадалары, пайдалану мен барлау ұңғыларын бұрғылауға арналған жеке және жүзбелі негізде, су асты құбырлары және тауарлық мұнай паркі, теңіздегі тұтас қалалар – бұл қазіргі күннің шындығы.

Қазіргі уақытта мұнайды барлау мен өндіру барлық континеттерде, соның ішінде теңіз акваторияларында және ішкі су жүйелерінде жүргізіледі. Ең қарқынды жұмыстар Мексика және Парсы шығанағында, Каспий және Солтүстік теңізде, Моракайбо көлінде, Қара, Азов және Охот теңіздерінде жасалуда.

Теңіз жағдайларында жұмыс жасаудың ерекшеліктері мұнай кен орындарын меңгеру кезінде кең түрде қозғалмалы құрылымдарды қолдануды қажет етеді. Олардың көмегімен мұнай өндірісінің құрылысы кезінде әртүрлі жұмыстар жасалады. Оларға пайдалану және барлама ұңғыларын бұрғылауға арналған жүзбелі бұрғылау қондырғылары мен бұрғылау кемелері жатады.